



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КИІМНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ

**Исабаева Шынар Суиндиқовна**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтану кафедрасының аға оқытушысы

**Болат Айым Мұхийқызы**

[Aiym-97@mail.ru](mailto:Aiym-97@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтану мамандығының 3 курс студенті  
Астана, Қазақстан

Мәдени жаһандануға әлемнің әртүрлі елдерінің тұтынушылық мәдениетін жақындастыру және халықаралық қарым-қатынасты дамыту тән. Бір жағынан бұл әлемдегі кей жеке ұлттық мәдениет түрлерін танымал етеді. Екінші жағынан әйгілі халықаралық мәдени құбылыстар ұлттықты ығыстрып, оларды ұлтаралыққа айналдыруы мүмкін. Көпшілік осыны ұлттық мәдени құндылықтарды жоғалту деп түсініп, ұлттық мәдениеттің жандануы үшін күреседі.

Ұлттық қайта жандану үрдісі тек қазақ тарихына деген қызығушылық негізінде жүзеге асуда емес, сонымен қатар өзіндік салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жаңғыртумен байланысты. Қазақ салт-дәстүрінің қайта жаңғыруы бүгінгі таңда Қазақстанда тарихи жалғасудың қайта қалыптасуы ретінде қабылданады. Қазақ халқы үшін бұл өте қиын және күрделі мәселе, өйткені жоғалып жатқан салт-дәстүрді қайта қалпына келтіру туралы мәселенің көтерілуінде болып отыр.

Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді.

Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту.

Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін?

Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр. Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда.

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді.

Мысалы, жершілдікті алайық. Әрине, туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс. Бірақ, одан да маңыздырақ мәселені – өзіңнің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екеніңді ұмытуға әсте болмайды.

Осының бәрін егжей-тегжейлі айтып отырғандағы мақсатым – бойымыздағы жақсы мен жаманды санамалап, теру емес. Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын.

Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды.

Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек [1].

Жер бетінде жаратылған әрбір ұлттың өзіне тән белгілері, ұлттық нышандары болады. Сол ұлттық сипаттың бірі ұлттық киім арқылы танылады. Кеңес Одағының ұлтсыздандыру саясаты өз дегенін жасады. Сол саясаттың нәтижесінде біз тілі мен дәстүрі, төл мәдениеті мен төл тарихы, соның ішінде ұлттық киімі жоқ ұлт ретінде өміре сүре бастадық. Сол кезеңдегі жүйе ұлттық киімін ұқыпты етіп киіп жүрген ұлтқа киімін тастатып, оларды тек мұражайдан ғана көруге мәжбүр етті. Ұлттық сана, ұлттық жүрек соғуын тоқтатты.

Үлкен сахналардан, жиын-тойлардан шапан мен қалпақты ғана көріп, ұлттық санамыз бір сәт болса да санамызда жаңғырып өткені болмаса, ұлттық киімнен түбегейлі ажырап

қалдық. Әрине, ұлттық киімдеріміздің үлгілері, түрлері түбегейлі жойылып, ұмытылып кете қойған жоқ. Оны жаңғырту, қайткенде өмірге ендіру талпыныстары жасалып жатыр.

Бойында ұлттық намысы бар, көзі ашық, көкірегі ояу әрбір қазақ азаматтың аңсары қайткен күнде ұлттық киімге ауып тұратыны сөзсіз. Ғаламтор бетінде жүрген пікірлерге назар аударсақ та, онда халықтың пікірлерінен осыны байқауымызға болады. «Шіркін-ай, оқушыларымызға ұлттық киімді кигізіп, мектеп киімі етіп шығарса ғой», «Біздің ұлттың қолға алынбай, қузалмай жатқан құндылықтарының бірі ғой ұлттық киімдер», «Қыздарымыздың тең жартысы қазақтың сырғаларын, шашбауларын тағып жүрсе жақсы болар еді. Бірақ ол ешқашан орындалмайтын арман» және т.б. пікірлерді оқып отырып, қарапайым халықтың ұлттық киімге деген көзқарасының оң екенін аңғаруымызға болады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда ұлттық киім тігумен айналысатын көптеген сән ательелері бар. Біз бұл жағынан кем емеспіз. Мәселе, ұлттық киімнің күнделікті өмірде қолданысқа енбей отырғанында. Қазір біздің киіп жүрген киімдеріміз еуропалық үлгідегі киімдер. Бас киімімізден бастап өзге елде тігілген киімдер. Соған қарағанда біз жақын уақытта бұл киімдерден бас тартып, жаппай ұлттық киімге ауысып кете қоймаймыз.

Қазіргі заман бас киімдері біздің қазақ халқымыздың ұлттық бас киімдерінің үлгісімен, формасына негізделіп пішіліп, тігілуде. Бұған дәлел ретінде қазіргі жастарымыз сән үлгісімен мерзімге лайық бас киімдерді киюде. Мысалы, қыстық тымақ, бөрікті әртүрлі аңдар терісінен тігілген бас киімдерді жиі кездеседі.

Қазіргі заманғы экономикалық жағдайлар, жеңіл өнеркәсіп салаларында қызмет ететін үлгілеушілерге жаңа талаптар қоюда. Кәсіпорын тиімділігі көп жағдайда, өнімнің көркемдік және құрылыстық шешімдеріне тікелей байланысты болып келеді. Тұтыну тауарлары нарығында бәсекелестіктің күшеюіне байланысты, шығармашылық еңбектің тиімділігін көрсетуге талпыныс артты. Ол жаңа шешімдер іздеуді рационалды ұйымдастыратын бірқатар әдістер, тәсілдер және әдістемеліктер жасап, ойлау қабілетін белсендіре, адамның шығармашылық қабілеттерін толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қарағандыда ұлттық киімдер көрмесі 2016 жылы 4 наурызда өтті, қайта жаңғырған дүние «Әйел костюмдерінің поэзиясы» атты шарада қыз-келіншектердің көне көйлектерімен бірге ою-өрнектермен әшекейленген заманауи үлгілер де көрсетілді. Бұлар - халқымыздың байырғы ұлттық киімдері. Әрқайсының өз орны бар.

Зәуреш Тебаева, Қарағанды облыстық Өлкетану мұражайының бөлім меңгерушісі: «Қазір жастар арасында тойға дәстүрлі сәукеле кию сәнге айналды. Демек, салтымызға қайта оралып жатырмыз. Сондықтан біз ескі мен жаңаны ұштастырып, қандай өзгерістерге ұшырағанын көрсеткіміз келді»[2].

Айналып келгенде негізгі мақсат ол ұлттық киімді ұлттың қажетіне жарату. Қажетке жарамаса, құны көк тиын. Бұдан бірнеше ғасыр бұрын қазақтың киген киімі мен қазіргі киімін салыстыру мүмкін емес. Айырмасы жер мен көктей. Бірақ ол кездегі қазақтың қазақтығы бізден он есе, жүз есе жоғары еді. Ол ұлтының дәстүріне берік қазақ еді. «Бөріктің намысы бір» деген қазақ еді.

Шаңырақ энциклопедиясында айтылғандай, қазақ халқы киімге аса жоғары мән берген. Ешқандай арнайы фабрикасы болмай-ақ, ешбір оқу бітірмей-ақ ұл-қызын өзінің төл киім-кешегімен қамтамасыз етті. Оған қарап ел-жұртын, жасын, атақ-даңқын, қоғамдағы орнын ажыратуға болады. Сәбиіне үкілі тақия кигізіп, ұзатылатын қыздың сәукелесін бір үйір жылқыға бағалап, арындай аппақ жаулығынан сәбилі болғанын, күмбездей кимешегінен үбірлі-шүбірлі ана екенін танитын болған. Ұлттық киімдеріміз пайдалану, тұтыну ерекшеліктеріне қарай күнделікті, сәндік киімдер, жыл мезгілдеріне байланысты қыстық, маусым аралық, жаздық, күздік киімдер болып бөлінеді. Біздің арнайы зерттеп, пайымдағанымызда білгеніміз: қазақтың ұлттық киімдерінің түрлері мен атауы көп. Тіпті киімдерді ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз үлгілері деп те танып жатады. Сондай-ақ, кейбір киімдер ру, тайпа аттарымен де былайша аталып, танылады: қыпшақ тымақ, арғын тымақ, найман тымақ, адай бөрік, қызай бөрік т.с.с.

Торстейн Веблен киім мәртебенің символы ретінде. Сән теориясымен Т.Веблен «Думаншыл тап теориясы: институттардың экономикалық зерттеуі» (1899) кітабында ұсынылған. Вебленнің айтуынша, жоғарғы тап өкілдері демонстративті түрде тұтынады. Сән - бұл нақты иерархиялы қоғамға тән құбылыс, ол бірқатар функцияларды орындайды, оның бастысы мәртебені және қаржылық жағдайды көрсету.

Құрмет пен құрметке ие болу – Т. Вебленнің ашық және сипаттайтын сән үлгісі. XIX ғасырдың соңындағы американдық қоғамда осы функцияның пайда болуы түсінікті болды. XIX ғасырдың соңында Еуропада ақсүйектер бала кезінен сән, соның ішінде жоғарғы тап өкілдері (өндіріс құралдарын иелері) өзінің бай екенің бала кезінен үйренген мәдениеті, этикасы, тәрбие арқылы көрсеткен болса, Америкада жаңа байларда мұндай ресурстары болмай, олар демонстративті тұтына бастады. Жоғары бағадан басқа мұндай киім өзінің сапасымен басқа таптардан ерекшеленеді.

Әрине, киім осы жерде тұтыну мен символдық мобильділік ең қарапайым жасанды тұтынудың тәсілдерінің бірі. Дегенмен, жоғары лауазымның символдық сабақтастығы уақытша болып табылады: көпшіліктің таңдаған сәнді үлгілері сайлаушыларға құрмет пен құрметке ие болу қасиетін жоғалтты. Мұндай ұстанымнан жеке талғамдарды білдіру мүмкіндігін елестету қиын. Вебленнің рационалды детерминизді түсіндіруден айырмашылығы, Зиммель ең алдымен сәнге еліктеуді әлеуметтік-психологиялық механизмдерімен- ең алдымен еліктеу механизмімен түсіндіреді. «Еліктеу бізге мақсатты және маңызды іс-қимыл мүмкіндігін береді, жеке және шығармашылық жоқ жерде». Егер біз «топтың шығармашылығы болып оның талаптарына бағынсақ, онда біз өзгелерге жауапкершілігімізді артамыз.

Сәнмен және сәннің ішінде қызғаныш сияқты көптеген әлеуметтік эмоциялар, өзін көрсету қажеттілігі, үстемдік және бағындыру қажеттілігі.

Сән, Г. Зиммелдің айтуынша, «барлық адамдарды бірдей қылдырады, бірақ әрдайым ол адамды толығымен қамтымайды және әрдайым оған сыртқы болып қалады».

Ж. Бодрийяр жұмыстарындағы зерттеу объектісі - бұл тұтынушы қоғам, таптық күрес өзінің дамуының негізгі қозғаушы күші болуын тоқтататын, ал халықтың мінез-құлқының себептері тұтыну саласында шоғырланған. Оның концепциясы Францияда АҚШ –тағы сапарының әсерінен дамыды. Бодрийярдың айтуынша, заманауи тұтынудың ерекшелігі, бұл функционалды, функционалдық немесе «мәртебелі» нәрсені сатып алу ниетімен сарқылмаған, заманауи тұтыну осы функцияны жоғалтады. Керісінше, ол терең психологиялық үрдістің сипатын алады, ол адамдардың үздіксіз идеалды үлгісіне қол жеткізуі болып табылады. Бұл ниет әлемдегі өзгерістерді тудырады: олардың кейбіреулері - сәнге айналады, кейбіреулері бұл мәнін жоғалтады.

Сәннің қазіргі заманғы тұжырымдамаларында заманауи сән социологиясының классиктерінің идеялары дамып келеді. Заманауи сән социологиясы қоғамның классикалық құрылымымен емес, әртүрлі өзіндік ерекшеліктерімен - жыныс, жас, этникалық, субмәдениет және т.б. байланыстырады. Сән журналы арқылы таратылатын идеология ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, әртүрлі агенттер сән-салттарды шығаратын, тарататын сала ретінде талданады. Дегенмен, қазіргі заманғы тұжырымдамалардың әрқайсысы мақалада қарастырылған классикалық сән теориясымен сабақтастыққа ие, бұл әлі де өзектілігін жоғалтпайды.

Өркениеттің ең ежелгі сатыларында киім адамның «жамылғысы» ғана болып қалған жоқ, ол адамның белгілі бір өмірлік үрдістерінің мәнін білдіре отырып, әдет-ғұрып нысаны да бола білді.

Қорытындылай келе айтсақ, қазақ киімдері қазіргі уақытқа, заманға сай жана әдіс-тәсілдермен тігіліп, өзіндік бұрынғы сюжеттік элементтерін ұмытпау керек. Қазіргі уақытта зерттеу барысында қазақ киімдерінің қорлары көбеюде. Әртүрлі сәнді киім тігу үйлері ашылып, шетелдерге экспортқа шығуда. Қай қоғамда болмасын киім тәсілі, жолдары ерекше орын ала бермек, күнде өзгеріс болып жатқан дәстүрімізді, тарихи байлығымызды қадірлей білуіміз керек. Бүгінгі мен кешегімізді қастерлеу – қоғамның парызы. Сол қоғамды

дамытушы - адам. Жас ұрпақ ертеңгі қоғам иесі. Қоғам иелері қазақ халқының өмір тіршілігін қазіргі уақытқа сәнді, мәдениетті етуге тырысуда. Ұлттық мәдениетімізді, ұлттық киімдерімізді, қолданбалы сәндік қолөнермен танытуда.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. [http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy)
2. <http://www.astanatv.kz/news/show/id/46180.html>
3. Шаңырақ : Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. Алматы : Қаз.Сов.энцикл.Бас ред., 1990.
4. Веблен Т. Теория праздного класса М.: Прогресс. 1984.
5. Зиммель Г. Мода // Зиммель Г. Избранное. Т. 2. М.: Юристъ. 1996.
6. Бодрийяр Ж. Система вещей. М.: Рудомино. 1999.

УДК 378

### **ТРАНСФОРМАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ**

**Исабаева Шынар Суиндиковна**

Isabaeva\_82@list.ru

Старший преподаватель кафедры социологии ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

В настоящее время современное образование в мире подвергается серьезным изменениям под воздействием процессов глобализации и четвертой технологической революции. Процесс определяется осложнением не только внутренними потребностями разных национальных государств с разными экономиками и социальными отношениями, но и внешними факторами, среди которых глобализация и глобальный кризис, привел к новой социальной реальности в образовательной сфере, на мировом рынке труда, к пересмотру взглядов на функции образования.

Основы исследования социологии образования были заложены французским социологом Э.Дюркгеймом и немецким социологом М.Вебером, которые исследовали социальные функции образования, его связь с экономическими и политическими процессами.

В рассмотрении данной исследуемой проблематики, прежде всего, следует раскрыть значение понятия глобализации как преобразование пространства и времени современного существования[1]. Существует множество дефиниции данного феномена, как отметил Президент нашей страны Н.А. Назарбаев, «для одних глобализм – это Новый Вавилон, который еще больше разъединит народы и похоронит в своих обломках ее архитекторов и инженеров. Для других глобализация – это Единая Теория Поля, которая позволит объединить и учесть интересы всех сил, отражающих интересы социально-культурных обществ и государственных сообществ»[2]. По мнению американского исследователя И. Валлерстайна, «мы живем в эпоху перехода от существующей глобальной системы общественного устройства – капиталистической мировой экономики – к другой или другим глобальным системам и не знаем, к добру это или нет, и не будем знать, пока новая эпоха не наступит»[3]. Как утверждают У.Бек, Э.Гидденс и Дж.Урри, процесс влияния глобализации потенциально рискогенен именно поэтому, что он насильственно унифицирует культурную и национальную специфику несмотря от желания людей или местных сообществ в целом. Другими словами, наша жизнь в большей степени испытывает на себе влияние действий и событий процесса глобализации, в том числе на трансформации образования как социального института.

Как известно, за короткий исторический период обретения независимости нашей страны, был сделан существенный прорыв в экономике, интегрируясь в мировую цивилизацию, внедрены прогрессивные инновационные технологии. В рамках проведения